

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№20 (7909)

Жұма
12 мамыр
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап өтті. Ол еліміздегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құру керек екенін айтты.

ахуалдың әлеуметтік және саяси салдары өте ауыр болуы мүмкін екенін жеткізді.

«Жұрттың табысын әлеуметтік саланың шығысы есебінен арттырудың да шегі бар. Біз осы шекке жеткен сияқтымыз.

Елдің бүгінгі мен болашағы айқындалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткені баршаға мәлім. Онда Президент Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде бірқатар міндет жүктеді. Мемлекет басшысы кеңесте саяси реформалар дамудың жаңа

«Бүгін әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттерді айқындап алуымыз керек. Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер соған сүйеніп жұмыс істейтін болады. Атқарушы және өкілді билік арасында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды. Қажет болса, олар бірін-бірі толықтырып, қолдап отыруы керек. Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазақстандықтардың табысы күнсызданып жатқанын мойындады. Ол мұндай

Бұған қоса, тұтыну несиелерінің көлемі артып барады. Бұл өрекет – инфляция кезінде жан бағудың амалы. Тіпті, банктердің өзіне қауіп төндіруі ықтимал. Несиені, ең алдымен, пайда әкелетін бизнеске, яғни тиімді жобаларға беру керек. Сонда жалақысы жоғары жұмыс орындары пайда болады. Жұрттың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасы артады. Бір сөзбен айтсақ, азаматтардың табысын көбейтуге мүмкіндік туады», – деді Мемлекет басшысы.

Ол азық-түлік бағасын тұрақтандыруда Үкіметтің қауқарсыз болып отырғанын сынға алды. Президент ақпан айында инфляция шарықтау шегіне –21,3%-ға жеткенін атап өтті.

Д.Ізбасаров,
аудандық мәслихат
депутаты.

Экономиканы монополиядан арылту – маңызды міндет

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде өткен кеңестің Президент басымдық берген бағыттардың бірі – шағын және орта бизнес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев монополиядан арылту жұмыстарына баға берді.

«Экономиканы монополиядан арылту – маңызды міндет. Бұл бағытта нақты жұмыс басталды. Нәтижесі қазірдің өзінде жаман емес. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Елімізде мекемеаралық комиссиялар құрылды. Олардың алдына нақты міндеттер қойылды. Осыған орай, заңсыз шығарылған активтерді қайтару, әділеттілікті қалпына келтіру, адал бәсекелестікке жағдай жасау керек. Мұның бәрі – уақытша міндет емес. Керісінше, бұлар – жаңа экономикалық саясаттың басты қағидаттары. Тауар нарығының монополиялық құрылымы әлі де өзгере қойған жоқ. Оның үстіне бизнес, әсіресе, орта бизнес қарқынды дамымай отыр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы халықты, жастарды жұмыспен қамту Үкімет үшін аса маңызды міндет екенін алға тартты. Ол қазіргі таңда еңбек нарығында жастардың үлесі артып келе жатқанын айтты. Сондай-ақ, Үкіметке және әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион

300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берілген. Оның 2,2 миллионы жастар болуға тиіс екенін баса айтты.

«Жаңа жұмыс орындары уақытша емес, тұрақты болғаны жөн. Елімізде аймақтардың жұмыспен қамту карталары бекітілген. Соған сәйкес жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген. Ол үшін бюджеттен 130 миллиард теңге бөлінді. Осы қаржының арқасында, яғни субсидия арқылы 150 мың адам жұмысқа орналасады. Оның бәрі – жастар және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтар», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің дерегіне, жастардың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсету үшін 40 миллиард теңге бөлінді. Қаражат аймақтарға берілді. Қазір бизнес саласындағы үздік идеяларды таңдап алу үшін конкурстар басталды.

Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін аса маңызды міндет. Ел басшысы әкімдер бұл жұмыстың нәтижелерін тұрақты түрде баяндап тұруы керектігін тілге тиек етті.

С.Байғұтанов,
Шашубай кенті әкімі аппаратының бас маманы.

Ұлы Жеңіске – 78 жыл

«Мәңгі ұмытылмас ерлікке тағзым»

Ақтоғай ауданы жұртышылығы Ұлы Жеңістің 78 жылдығы мерекесін жоғары деңгейде атап өтті.

Ұлы Отан соғысының отты жылдары ел қорғауға аттанған жасауыңгерлер өшпес ерліктің, өлмес қаһармандықтың үлгісін көрсете білді. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қаниама жасауыңгер майдан даласында Отан үшін опат болды.

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы аттанып, Отанның қор-



ған соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіп, олардың ерліктерін дәріптеп, тағзым ету мақсатында аудан әкімі бас-таған аудан тұрғындары «Батырлар» және «Тарих тағылымы» саябақтарындағы ескерткіштер алдына гүл шоқтарын қойып, өмірден өткен майдангерлерді бір минуттық үнсіздікпен еске алысты.

Шараны ашқан аудан әкімі Руслан Кеңсебеков: – Бұл мереке жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, жеңіс жалауы желбіреген күн. Бір тудың астында интернационалистік идеямен біріккен Кеңестер Одағының халқы қаһармандық ерлік көрсетіп,



Отанымызды жасаудан қорғап қалды. Аға ұрпақтың Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы ерліктері, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы қасиеттері біз үшін өшпес өнеге, сарқылмас мұра болып қала береді. Біз арқылы келер ұрпақтың жасадына сіңірілетін болады, – деп аудан халқын Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады.

Жеңіс күніне арналған мерекелік шаралар одан әрі «Мәңгі ұмытылмас ерлікке тағзым» атты «Ардагерлер» және «Тоқырауын толқыны» ансамбльдерінің концерттік бағдарламасына ұласты. Бұл күні патриоттық әндер әуелеп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Уақыт өткен сайын күндей күркіреп өткен кешегі сұрапыл соғыстың жаңғырығы алыстап барады. Бірақ қаниалықты алыстады десек те, адамзат санасына түскен қайғы-қасіреттің қаралы таңбасы ұрпақ жасадында мәңгі сақталып, еш өшпек емес.

Өз тілшімізден

Мереке шуағы

Жас ұландардың жарысы

Өз алдына дербес, шекарасы шегенделген ел болғаннан кейін оның сыртқы, ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, тұтас елдің тыныштығын күзететін әскердің болатыны екібастан белгілі. Ал ол әскер қатарын құрайтын – ер-

туғанына 150 жыл толуына орай жалауын желбіреткен дүбірлі додаға аудандық білім беру бөлімі ұйытқы болды. Жарысқа ауданымызға қарасты білім беру ошақтарынан барлығы 11 команда қатысты. Ақтоғай ауданының

Осылайша акеділ лебізін білдірген өңір басшысы жуырда көктемгі лекпен әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанатын жас жігіттерге «Аманат» кітаптары мен тарту-таралғы табыстады. Бұдан кейін аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері ән-жырдан маржан шашып, сайыс мерекелік көңіл-күйде бастау алды.

Сайысқа қатысушылар әскери саптық қозғалыс, «АК-74» автоматымен нысанаға ату, кермеге тартылу, қысқа қашықтықта жүгіру секілді бірнеше жарыс бойынша өзара бақ сынасты. Жас өрендердің арасында өткен жарыс

әкімі Р.Көңжебеков осынау әскери-спорттық сайысқа арнайы қатысып, шара шымьылдығын құттықтау сөзімен түріп берді:

– Құрметті жарысқа



азаматтар. Бүгінгі таңда елімізде жастар арасында Отан алдындағы борышын өтеуге деген нәмісқұрайдылық белең алып, өзекті түйткілге айналып отыр. Оның себебі мен салдары көп-ақ. Алайда, білім беру ошақтарында осы мәселенің алдын алу үшін ертеден арнайы әскери даярлық сабақтары өткізіліп, оқушылардың рухы мен жігерін ұштауға баса күш салынып келеді.

Соның жанды айғағы ретінде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін әскери-спорттық көпсайысты айтуға әбден болады. Быыл да аталмыш сайыс жоғары дәрежеде болып өтті. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен тұспа-тұс келген және атақты қаһарман Қасым Қайсеновтің

қатысушыларжәнежиналған қауым! Баршаңызды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймын. Біздің отандастарымыз үшін бұл мереке батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға деген шексіз қызмет етудің нышаны. Келешек ұрпағымызға дейін Отан қорғаушылардың қаһарман ерліктері ұмытылмайды. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс және жарысқа қатысушы барша командаға сәттілік тілеймін!

тартымды да тартысты болды. Жарыс қорытындысына сай жалпыкомандалық есеп бойынша Қошқар тірек мектебі I орынға ие болды. Ал Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі II орынға шықса, Шашубай көпіндегі МБК тірек мектебі жарыстың қола иегері атанды.

Е.АЙТЖАН.

Жақсының аты өшпейді

Спорт саңлағына арналған турнир

Аудан спортың тілге тиек етер болсақ, тоспа доп, қазақ күресі бірден ойға оралады. Неге? Себебі, Ақтоғай аталғанекіспорт түріненөзгеөңірлерге қарағанда оқ бойы озық тұрған. Бүгінде сол биігінен төмен түскен жоқ. Керісінше, одан әрі ел ішінде етек жайып, алға қарай ілгерілеушілік білінеді. Бұдан бұрынырақта өңіріміздегі спорт саласының дамуына едәуір үлес қосып, білігі мен саналы ғұмырын жас балаларды спортқа баудуға арнаған бір қауым ардагер спортшылардан ортамызда жүргені ат төбеліндей ғана. Өзгесі жеңісті де жемісті күндерін естелік қылып келместің кемесіне тақым артқан. Сондай, мұқым Ақтоғайға аты мәлім,

саңлақ спортшылардың бірі – Мұрат Қасымов еді. Ол кісі деген шағында қарсыластарын алып та, шалып та жығып, жеңіс тұғырына талай мәрте көтерілген жан. Сонымен қатар, білім беру саласына да араласып, мектеп директорлығын атқара жүріп, ауылдағы жас өскінді спортқа, оның ішінде қазақ күресіне бейімдеді.

Міне, сол қазақ күресінен спорт шебері, ұлағатты ұстаздың құрметіне орай жыл сайын дәстүрлі түрде қазақ күресінен аудандық ашық турнир өтіп келеді. Ағымдағы жылдың мамыр айының 7-ші жұлдызында Мұрат Әуезханұлын еске алуға арналған боз кілем бәсекесі тағы бір мәрте жалауын желбіретті. Осынау сайысқа



аудан орталығының іргесіндегі барлық ауылдан арнайы келген спортшылар өзара бақ сынасты. Жас та болса қазақ күресінен таласы бар оқушылар 9 салмақ дәрежесі бойынша белдесті. Күн арқан бойы көтерілген шақта бастау алған бәсеке ұзақты күнге созылды. Әрқайсысы өз ауылының намысын арқалап келген жас спортшылар шаршы алаңда аянып қалған жоқ. Бірі айлаға, әдіске басымдық берсе, енді бірі қара күшке салып, қарсыласын алып та, шалып та жығып жағты. Осы орайда айта кету керек, Қ.Нұржанов мектебінің спортшылары барлық салмақта басымдық танытты. Сонымен, күн екінтіге еңкейген шақта өз мәресіне

жеткен жарыстың жүлдегерлері анықталды. Бірінші кезекте Мұрат Қасымов басшылық жасаған Ә.Ермеков атындағы мектептің ұстаздары бірігіп, ақшалай сыйлық тағайындап, сайыста өз өнерімен ерекшеленіп, көрермен көзайымы болған спортшыларды марапаттады. Бұдан әрі жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне кезек берілді.

Аталмыш дүбірлі доданы ұйымдастыруға аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйытқы болса, Мұрат Әуезханұлының отбасы демеушілік білдіріп, жарыстың жоғарғы дәрежеде өтуіне атсалысты.

Е.Темірхан.



Мерейтой иесі

Әбеуова Салтанат Мірәсілқызы – 1963 жылы Ақтоғайда дүниеге келген. Мамандығы – заңгер әрі шет тілдер мұғалімі. Еңбек жолын ұстаздықтан бастап, аудандық комсомол комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінің қызметкері, аудан әкімінің бөлім меңгерушісі, аудан әкімінің орынбасары, Қарағанды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары, Ақтоғай ауданының әкімі қызметтерін атқарған, қазір «Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ басшысы.



«Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «Астанаға – 20 жыл» мерекелік медальдарымен және “Үздік мемлекеттік қызметші” белгісімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ер бағалы – Салтанат

Әйел нәзікжанды болғанымен, қайсарлық пен батылдықтан да кенде емес. Халқымызда “қыздың 40 жаны бар” деп тегін айтпаса керек. Сондықтан да болар,

Бала кезден-ақ Салтанат өскен-өнген ортаның тәрбиесін бойға сіңіріп, сабырлы да салмақты қалыптан бір айнымайтын, не айтса да сеніммен сөйлеп, артық ауыз

шығар, Енбегің мен ақылың екі жақтап” дегенді өмірлік қағида еткенін бірге қызмет еткен жылдарда анық аңғардық. Қатарластарынан ізденімпаздығымен,

төлжұкаты дегте болатын «Ақтоғай энциклопедиясы» жарық көрді. Ақтоғай ауылынан әкімнің тікелей ықпалымен «Ақсоран» мешіті де бой көтеріп, ел



әлемде есімі алтын әріппен жазылған әйгілі әйелдер баршылық. Мәселен, тарихта “Темір ханым” аталған Маргарет Тэтчер Британ тарихында тұңғыш рет әйел премьер-министр болса, Сақ патшайымы Тұмар (Томирис) ханша – әлемдегі ең атакты әйел патшалардың бірі. Шығыс әйелдері арасынан шыққан тұңғыш үкімет басшысы Индира Ганди өз елінің тарихына Үндістан үкіметін бірнеше жыл бойы саликалы түрде басқарған іскер, көргенді әйел ретінде енді. Олар ел басқара жүріп, зор жетістіктерге жеткен, мемлекет билігінде үлкен өзгерістер енгізген. Осындай тарихи тұлғалардың ізбасарлары бүгінде біздің арамызда да баршылық. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, бүгін мен өз арамыздан шыққан ақылды да дара қыз Салтанат Мірәсілқызы туралы сөз қозғамақпын.



Өмірде талай адамдармен кездестік, қатар жүрдік, дос болдық дегендей. Бірақ солардың ішінде ел ішінен ерекше, әркез сыйласа білетін, өзінді жаңдүниесімен баурап тұратындары болады. Мен үшін Салтанат Мірәсілқызы осындай жан. Біз Ақтоғайда Смағұлов Мірәсіл ағамыз бен Күлмән төтемен үй арасында үй жоқ көрші болдық, туыстығымыз тағы бар. Балдәурен балалық, жастық шағымыз бірге өтті. Екі үйдің тілжұкор аналары біздің Әйеміз бен Рәш әжелеріміз бар ғұмырларын саналы, саликалы ұрпақ тәрбиелуге арнап, бала-шаға, немерелерінің қызығын қызықтап өтті. Қос әкеміз немерелерін барлап-бағалап та отырушы еді. Басқа балалардай артық жүгірмей, үнемі бір қалыпта маңғаздана басып сабақтан келе жататын Салтанатты көргенде “осы қызымыз бастық болады” дейтін. Алла сол әжелердің ақ тілегін қабыл етті.

сөз айтпайтын, бар болмысымен білім алуға, нені болсын білуге ұмтылысы да ерекше еді. Жастайынан талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген Салтанаттың еңбек жолы ұстаздықтан басталды. Ұстаз бола жүріп кенестік кезіндегі жастардың ұйымы комсомол комитеті тапсырған қоғамдық жұмыстарға белсене араласты, содан аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне де тағайындалды. Жалынды жастық пен бойдағы білім, күш-жігерді жастардың көшбасшылық қызметіне арнады. Комсомолда шыңдалып, білімі мен тәжірибесі кеңейген Салтанатты біртіндеп аудандық партия комитетіне қызметке шақырды. Сөйтіп, Салтанаттың аудандық партия комитетіндегі, кейінде аудан әкімшілігіндегі қызметтері сәтті басталды. Мемлекеттік қызметте жүріп айтқан сөзге тұру, уәдеге берік болу, ақ сөйлеп, адал жүру, күрмеуі қиын мәселелерді ақылдасып шешуді үйренді, бірбеткей, өжет мінезді қалыптастыра алды. Абай хәкім айтқандай, “Өзіңе сен, өзінді алып

еңбексүйгіштігімен дараланған Салтанаттың еңбегін облыстық әкімшіліктегі басшылар да аңғарып, нәтижесінде 2012 жылы облыстағы ең шалғай Ақтоғай ауданына әкім болып сайланды.

Ер бағалы Салтанат – республикадағы аудан әкімі болған сауақпен санарлық қыздардың бірі. Жаны нәзік болғанымен, бірнеше жылғы тәжірибе бар, “халық қабылдап жатса, неге тәуекел етпеске” деген оймен тәуекелге бел буды. Кезінде тек мал шаруашылығымен айналысқан шағын аудан бұл кезде көлемі жағынан да ұлғайып, өндіріс орындарымен де толыққан еді. Десе де, сенімге селкеу түсіруге болмайды деп, басшылықтың тізгінін берік қолға алды.

Аудан басшылығына келген күннен-ақ әйел басшы ретінде ең әуелі ауылдардың, елді мекендердің экономикасымен бірге мәдениетіне, тазалыққа, реттілікке көңіл аударды. Ауылдарға бүгінгі күн талабына сай интернет қою, жеке үйлерді орталықтандырылған жылуға қосу, үйлерге ауыз су жеткізу, елді мекендер арасындағы жолдарды жөндеу, тұрғын үйлердің сәулетін көркейтуді жолға қойды. Көпбалалы аналар мен ардагерлердің әлжуметтік жағдайын үнемі қадағалауда ұстады. Әкімнің басшылығымен рухани жаңғыру бағытында Ақтоғай өңірінің

игілігіне пайдалануға берілді. Білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес, әлжуметтік қамтамасыз ету мәселелері жүйелі түрде қаралып отырылды. Мұның бәрі Салтанат ұйымдастырған іргелі істердің бір парасы ғана. Басшылықта жүріп туған ел, өскен жердің еңсесін көтеріп, болашағын баянды ету жолында жүйелі жоспар, бағдарламаларды көптеп іске асырғанына да ел куә.

Қоғам мен мемлекеттің қызметін атқарудың сырын ұғынып, халық мүддесі үшін асқан жауапкершілікпен еңбек етуді мұрат тұтқан Салтанат Мірәсілқызы ұзақ жыл осы лауазымды абыройлы атқарды. Әрине, бұл биікке ол табандылығы мен еңбекқорлығы арқасында жетіп, ел алдында мәртебесі биіктеп, беделі де өсті. Бір ғұлама “Табысты адамның өмірде қолы жеткен жағдайымен емес, табысқа жетудегі жеңген кедергілерімен өлшеу ләзім” деген екен. Көп жылдар бойғы аудан басшылығы қызметінде түрлі кедергілер, өздері әрекет еткеннен гөрі, сөйтпеске-бүйтпеске деген қысыр әңгімелер, тырнақ астынан кір іздеу дегендей қиындықтар болғанымен, алға қойған міндетті жауапкершілікпен атқару, туған жерге деген сүйіспеншілік пен бойдағы қажыр-қайраты, өршіл рухы Салтанатты жерге қаратқан жоқ.

Туған жерге ту тігіп, алдыңғы қатарлы бір азаматтай еңбек еткен, жасы кіші болса да, ізеті мол әйел адамның ел басқарудағы ерекше мектебін қалыптастырған Салтанат Мірәсілқызына әлі де абырой биігінде бола бергей деген апалық ақ тілегімді жолдаймын.

Надежда Ақбаева, зейнеткер журналист. (Әр жылдардағы суреттер редакция архивінен алынды).

Дәстүрлі бәсеке байрағын көтерді

8 мамыр күні аудандық Спорт кешенінде «Ақтоғай аяғу» газетінің жүлдесі үшін ерлер арасында 50-ші рет тоспа доптан жарыс өтіп, өз байрағын желбіретті. Дәуір

Аман Жаңабеков, Кәкім Әбдіғұлов, Генних («Ләкә» лақап атымен танымал болған), Бейсен Жапабаев, Марал Төлегенов, Жеңіс Қорабаев, Болат Нұржанов, Ахат Қнашин,

мұрағатында сақталыңандары ғана. Біз білмейтіндері қаншама?!

Бәсі жоғары бәсекенің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, ардагер спортшы Ы.Қалкенов, газеттің бас редакторы Г.Елеусізвалар байрақты бәсекеге қатысушыларға ақжарма тілектерін арнап, командаларға сәттілік тіледі.

Сонымен, дүбірлі додаға ат шалдырып келген 12 команда қатысып, таңнан кешке дейін ала допты шаршы алаңда шарқ ұрғызды. Марапаттау сәтінде сөз алған аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айдын Шәкірбаев I орын «Алаш Қасабай», II орын «Ақсораң», III орын Нүркен, VI орын Сарытерек командалары иеленгенін жариялап, бағы мен бабы жанған командаларды аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің мадақтамаларымен және кубоктарымен, медальдарымен, сондай-ақ, «Ақтоғай аяғу» газетінің ақшалай сыйлықтарымен

жыл спорт саласында еңбегі сіңген Ахат Қнашиннің (марқұм) атындағы арнайы жүлдемен Қанатбек Әбілдинді және «Ардагер ойыншы» номинациясымен



үнін дөп басып, бұқара мен биліктің арасындағы алтын көпірге айналған аудандық басылым «Ақтоғай аяғу» газетінің жүлдесі үшін өткен аудандық біріншілік биыл кең көлемде көрініс тапты.

Газет турнирі бұқаралық спортты насихаттау мақсатында, сонау 1970 жылдардан бастау алған деседі. «Елу жылда – ел жаңа» десек те, газет жүлдесі үшін өтетін дәстүр жарты ғасырды еңсеріп, өз жалғасын тауып келеді. Адам ғұмырымен өлшер болсақ, осы уақыт ішінде дәстүрлі додаға ауданымыздың талай майталман спортшылары қатысып, тарихта өз аттарын қалдыра білген. Олай дейтіміз, Ақтоғай жерінен шыққан тоспа допшыларымыз облыстық жарыстың жүлдегерлері атанып, тіптен еліміздің үздік командасы ретінде кеңес кезінде одақтық деңгейдегі ауыл спортшыларының біріншілігінде үздік ондыққа кіргені тарихтан белгілі.



Сәл өткен тарихқа көз жүгіртер болсақ, әр онжылдықта бір кезең ауысып отырған десек, сол алғашқы ойыншылардың бүгінгі күәсі – Қалкенов Ыбыкен ағамыз. Өмірден өтіп кетсе де, тарихта алтын әріптермен аты қалатын спорт майталмандарының есімін кейінгі ұрпақ біле жүруі заңдылық. Олар Қабылқайыр (Коля) Кәукербеков, Жомарт Сатанов,

Мейрам Есеев, Мұрат Сейсепов, тағы басқалар. Одан кейінгі кезеңдерде тоспа допты алақанда ойнатқан, аты аңызға айналған, тіптен Мәскеу қаласында өткен жарыстарға аудан баспасөзінің атынан өз командаларын апарып бақтарын сынаған, бүгінде ортамыздағы ағаларымыз Серғазы Сыздықов, Амантай Абдрахманов, Асан Мұқан, Сағыдат Бишаев, Шахибол Бауымбеков, Марат Нұржановтардың есімін бүгінде мақтанышпен айтуға әбден болады. Әр жылдарда ойнаған үздік тоспа допшылар С.Нұрымбеков, ағайынды Хамиевтер, ағайынды Күзембаевтар, шабанбайлық Ералы Жаровтар бүгінде ардагер спортшылар болып, өздері жеке командалар әкеліп, әлі күні бүгінге дейін команда құрамында ойнап жүр. Аттары аталған спортшыларымыз біз білетін, газеттің сарғайған парақтарында,

марапаттады.

Сөз алған газет редакторы Г.Елеусізова: – Өткен жылы уәде еткенімдей, биыл газеттің 85 жылдық және тоспа доп жарысының 50 жылдық мерейтойы аясында үздік спортшыларымыздың есімін жас ұрпақ есінде қалдыру мақсатында арнайы жүлделер тағайындалғанын айтып, оларды табыстады. Олар ардагер спортшы нәм алғашқы ойыншы Ыбыкен Қалкенов атындағы жүлде иегері Ақбар Ернарз, ширек ғасырдан аса ойын өрнегін көрсетіп жүрген Ералы Жаров атындағы жүлдемен Азамат Дүйсенбеков, спорт шебері, үздік ойыншы Айтқали Күзембаев атындағы жүлдемен Қуандық Сағыныш, жас болса да өзінің үздік тоспа доп шеберлігімен танылып жүрген «Ақсораң» командасының үздік ойыншысы Айбол Ескелді атындағы жүлдемен Амандық Еркебұлан, сонымен ұзақ

Ералы Жаровты, «Үздік шабуылшы» номинациясымен Есбол Сейдіғазыны, «Үздік ойыншы» номинациясымен Абылай Советті «Ақтоғай аяғу» газетінің ұжымы ұсынған ақшалай сыйлықтарымен марапаттап, тоспа допшылардың мерейін үстем етті. Номинация иегерлерінің атындағы арнайы кубокты дайындап берген аудандық дене шынықтыру және спорт бөліміне газет ұжымының атынан алғыс айтамыз.

50-ші рет ойнатылып отырған спорттық мерекеде үздік ойыншыларды Балқаш қаласынан арнайы келген спорт жанкүйері, меценат, «Балқаш қаласының волейбол Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Қасымбеков белсенді ойын өрнегін танытқан бірнеше ойыншыға Алғыс хат табыстады.

Г.Метайқызы.

Мерекелік маусым

Ақсораң баурайындағы дәстүрлі доп додасы

9 мамыр күні Қызыларай ауылдық округінде жылдағы қалыптасқан үрдіс бойынша Ауған соғысының құрбаны, интернационалист-жауынгер, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері Серікбай Оразалин атындағы тоспа доп турнирі болып өтті.



Отан үшін отқа түсіп, туған елінің тыныштығын қорғау жолында ерліктің ерен үлгісін көрсеткен батырларымыздың қайсысын болсын дәріптеуге әбден лайық. Сондай даңқты батырларымыздың бірі хәм бірегейі – Отан алдындағы патриоттық парызын орындап, Ауғанстанда ерлікпен қаза тапқан интернационалист-жауынгер, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері, қызыларайлық жерлесіміз Серікбай Оразалин. Жат жерде Отан алдындағы борышын адал атқарып, опат болған жауынгер жерлесіміздің ерлігі келер ұрпақ есінен бір сәт те ұмытылмақ емес. Жыл өткен сайын батырдың есімі санамызда жаңарып, жаңғыра берері ақиқат. Міне, соның бір айғағы, Серікбай Оразалиннің атын ұрпақ жадында мәңгі қалдыру мақсатындағы үлкен шара – тоспа доп турнирі. Қызыларайлықтардың батыр ұлдарын ұлықтау мақсатында ұйымдастырып отырған тоспа доп турнирі осымен 17 мәрте өз байрағын желбіретіп отыр.

Дәстүрге айналған спорттық шараны ауылдық округ әкімі Серікбол Спанов құттықтау сөзбен ашты:

– Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру – басты мұрат. Президент Жолдауларында халықты бұқаралық спортқа ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Расында да,

бүгінгі таңда елімізде жас-көрісі бар дене тәрбиесіне ерекше мән беріп, өңірлерде спорттың бұқаралығын насихаттайтын жарыстар көптеп ұйымдастырылуда. Соның бірі – дәстүрлі Серікбай Оразалин атындағы турнир, – деп тоспа доп тарландары асыға күтетін аталмыш доп додасының бүгінде аймағымыздағы



шоқтығы биік бәсекелердің бірі екендігін атап өтті.

Одан әрі ауыл ақсақалы Сатыбалды Шакиров, Қызыларай орта мектебінің директоры Амангелді Әбдіразақов, зейнеткер Мәдениет Төлеубаев, саңлақ спортшы Ералы Жаров, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің маманы Берікбол Бекіш Ұлы Жеңіс мерекесімен барша жиылған қауымды құттықтап, тоспадопшыларға сәттілік тіледі.

Әрмен қарай сөз тізгіні Серікбайдай батырды өмірге әкеліп өсірген Шарбан Бекмағанбетоваға берілді.

Шарбан шешей: «Қызыларай халқы батыр ұлдарын ұмытпай, рухын асқақтатып, еске алып жатқанына дән ризамын. Баламның ерлігін ел есінде қалдыру мақсатын сыныптас досы Серік балам бастама көтеріп, жылда үлкен дода ұйымдастырып жүр. Халқыма, ауылдастарыма, басқа да осы шараның өтуіне қолқабыс жасап жүрген ауыл азаматтарына алғыс айтамын», – деді.

Келесі кезекте шараға жиылған көпшілік ауыл орталығында орналасқан «Жеңіс» саябағына барып, ондағы майдангерлерге қойылған ме-

мориалдық тақтаға және С.Оразалиннің құрметіне қойылған тақтатасқа гүл шоқтарын қойып, Құран бағыштады.

Аты шартарапқа жайылған, еліміздің өзге аймақтарының тоспадопшылары қатысып жүрген ала доп аламанына биыл Ақтоғай, Шет, Балқаш аймағынан 11 команда қатысып, өз бақ-

тарын сынады.

Күн төбеге ауа басталған дүбірлі дода күн ұясына қонғанша ұласты. «Жәмші», «Ақжал», «Ақсораң», «Сарытерек», «Алаш Жібек жолы», «Қызыларай жастары» командалары кезекпен шаршы алаңға шығып, тоспа доп ойынының көрігін қыздырды. Турнирді тамашалаған көрермен қауым аталған команда ойыншыларының шеберлік деңгейіне риза болып, әдемі



ойын өрнектеріне тәнті болысты. Турнирдің алғашқы айналымынан-ақ кездесулер тартысты да шиеленісті өтті. Сөйтіп, жарыс қорытындысы бойынша жүлделі I орынды «Ақсораң» командасы иеленді. II орынды «Алаш Жібек жолы» командасы жеңіп алса, жүлделі III орын ақжалдық тоспадопшыларға бұйырды. IV орынды «Жәмші» командасы еншіледі. Мерекелік шара соңы «Тоқырауын толқыны» ансамблінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Өз тілшімізден

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран

Ұлы Жеңістің 78 жылдық мерекесіне арналған шеру Сарытерек ауылындағы аға ұрпақтың өшпес ерлігін паш етті.

9 мамыр, бұл – миллион жандардың қаны, тері, көз жасы төгілген сұм соғыстың тоқтаған күні. Бұл – қатарлары сиреген ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің, жарларын құшып, бақытты өмір сүре алмаған жесірлердің, әкелерін майданнан күткен балалардың мерекесі. Осы адамзатты қара ниетті фашистік обадан азат еткен мерейлі мерекені Сарытерек жұрты да ұрпаққа ұран, елге мерей беретіндей дәрежеде атап өтті. Бұл күні ауыл тұрғындары, мерекеге келген қонақтар таң рауандап атысымен-ақ орталық көшедегі «Жеңіс» саябағына бет алды.

Әдеттегідей, айтулы мерекені алдымен осы саябаққа қойылған соғыс ардагерлерінің есімдері



жазылған ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойып, бір минут

үнсідікпен еске алып, майдан даласында шейіт болғандардың

рухына тағзым етті.

– Жүздеген мың қазақстандықтар майдан даласында жанқиярлықпен ерлік көрсетті. Бұл – туған жерді, Отанды шынайы қастерлеуді паш еткен ұлық күн. Жарқын мерекелік күні біз бейбіт өмір мен тыныштық сыйлаған қаһармандардың құрметіне басымызды иіп, соғыс және еңбек майдандарында Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан барлық жерлестерімізді ризашылықпен еске аламыз, – деді салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде ауыл әкімі Қанат Серкебаев.

Одан әрі ерлікті ұлықтаған жиын ауыл ардагерлерінің саябаққа тал егу шарасына жалғасты. Соңынан ауыл өнерпаздары мерекелік концерт қойып, ән мен биден шашу шашты.

Д.Амангелдіұлы.

Хабарландыру

Қарағанды облысында "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсының аудандық және қалалық кезеңдері жарияланады, оның аясында ең үлгілі отбасы таңдалады.

Аталған кезеңге құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 15 мамырдан бастап 15 маусым аралығында, өңірлік комиссиялардың отырыстары ағымдағы жылғы 15-30 маусым аралығында өтеді.

Бұл кезеңде 1-15 шілде аралығында жоспарланған облыстық кезеңде іріктеуден өтетін 2 отбасы таңдалады.

Облыстық кезеңнен кейін комиссия "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсының лауреаты болатын бір отбасын таңдайды.

Конкурса қатысуға отбасы мүшелерінің еңбек, спорт, зияткерлік, шығармашылық, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке белсенді қатысатын отбасылар жіберіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін сіз қала және аудан әкімдіктерінің жанындағы қалалық және аудандық комиссияларға жүгіне аласыз.

Объявление

В Карагандинской области объявляются районные и городские этапы Национального конкурса «Мерейлі отбасы», в рамках которого выберут самую образцовую семью.

Прием документов на указанный этап пройдет с 15 мая по 15 июня т.г., заседания региональных комиссий пройдут с 15 по 30 июня т.г.

На данном этапе будет выбрано по 2 семьи, которые далее пройдут отбор уже на областном этапе запланированного в период с 1 по 15 июля.

После проведения областного этапа комиссией будет выбрана одна семья, которая станет Лауреатом Национального конкурса «Мерейлі отбасы».

К участию в конкурсе допускаются семьи, члены которых имеют трудовые, спортивные, интеллектуальные, творческие, научные достижения, а также участвуют в общественно полезной деятельности.

За дополнительной информацией вы можете обратиться в городские и районные комиссии при акиматах городов и районов.

О контроле качества наших дорог

Каждый год в родном Прииртышье строят и ремонтируют сотни километров автомобильных дорог. Это благоприятствует круглогодичной транспортной связи жителей сел, деревень и поселков. Особенно важно развитие подъездных дорог к сельхозпредприятиям для тех регионов области, где развит аграрный сектор. Одним из таких значимых районов для развития экономики не только области, но и страны является Актогайский район.

В Павлодарской области из 5 507,9 км общей протяженности сети автомобильных дорог, дороги районного значения составляют – 2803,3 км. Кто же следит за их качеством?

РГП на ПХВ «Национальный центр качества дорожных активов» был образован в мае 2019 года путем реорганизации 16 областных жоллабораторий с целью создания полноценной системы дорожно-технической экспертизы. Во всех областях страны сегодня успешно работают филиалы. Основная цель центра – контроль качества дорожного строительства.

В Павлодарском филиале «Национального центра качества

дорожных активов» работает аккредитованная испытательная лаборатория. Сотрудники центра – опытные инженеры, лаборанты и эксперты постоянно выезжают на автомобильные дороги с целью проверки их качества. Проверкой охватываются все села и поселки региона, будь они рядом или находятся в отдалении. К примеру, в прошлом году с проверкой выезжали 866 раз, обследовали свыше 200 объектов. В ходе этих выездов отобрано и испытано 1405 проб дорожно-строительного материала, 165 из которых не соответствовали нормативным требованиям.

Чаще всего выявляются такие нарушения, как несоответствие толщины асфальтобетонного покрытия, показателей водонасыщения, прочностных характеристик и зернового состава асфальтобетонной смеси и другие.

В прошлом году в Актогайском районе произведен средний ремонт внутри поселковых дорог села Кожамжар Актогайского района (М.Ауезова, 40 лет Победы, Садовая, Тлянщина, Кожамжарская, 60 лет Октября, Школьная), средний ремонт внутрипоселковых дорог улицы Орталык села Абжан.

Отметим, что без их заключения о соответствии качества требованиям нормы заказчики не принимают работы в эксплуатацию.

В 2023 году в районе будет отремонтировано 46 км дорог. Планируется средний ремонт автомобильной дороги районного значения "Разумовка-Баскамыс" км 30-45 (15 км), Подъезд к с.Барлыбай", км 0-11,2".

В нынешнем году заасфальтируют внутрипоселковые дороги села Караоба: ул.Пушкина, Уалиханова, Коммунистическая, по ул.Абая до въездной дороги, ул.Терешкова, Муктенова, Садовая, Гагарина.

А также, будет произведен средний ремонт нескольких улиц в с.Ауельбек, ремонт а/д Подъезд к с.Баскамыс, а/д Подъезд к с.Шолаксор, улиц с.Актогай ул.Байзакова.

Мероприятия по ремонту внутрипоселковых дорог проводятся согласно государственной программе «Ауыл – ел бесігі».

Гульмира Мусинова,
Пресс-секретарь
Павлодарского филиала
«Национального центра
качества дорожных активов».

Дін – бірліктің діңгегі

Дінді терең түсіну – діни қауіпсіздігіміздің басты кешілі

Бүгінгі күні қоғамдық проблемалар қатарында дін жолында адасушылар да өз алдына бір топты құрап отыр. Дінге үлкен сеніммен келгенмен үйретушісі дұрыс болмаса, ол адамның жалпы дін жолынаң, сонымен қатар Қазақстан мұсылмандарына тән жолдан ауытқып кетуі өте оңай. Қазақстан мұсылмандары сунниттік, оның ішінде Ханафи мазһабын, Матуриди ақидасын ұстануымен және жергілікті ғұрыпқа да көңіл бөлуімен ерекшеленеді. Қазак жерінде ислам ұлттық мәдениетіміздің қалыптасуында өзіндік зор үлес қосып, халықтың күнделікті әдет-ғұрып, салт-дәстүріне терең сініп кетті.

Дегенмен, дін оқуын алыс шетелдерде оқып келгендер немесе шетелдік діндарлар осы ерекшеліктерге сай исламды түсіндіру керектігін ескермегендіктен, біраз жастар өз жерінде қалыптасқан исламның ерекшеліктерімен санасуды ескермеді. Ширк, күпір, бидғат, жиһад деген сөздермен қалыпты көп нәрсені терістеп, керек десеніз, шын исламды іздеумен Сириядан бір-ақ шықты. Өздерінің қатты алданғанын олар кеш ұқты.

Деструктивті сипаттағы теріс діни ағымдарға ерген жастар аят-хадистерде айтылған жайттардың астарындағы даналыққа үңілмеді, діни мәтіндерге үстірт қарады, тарихты оқымады, мәдениетті елемеді, келте діни түсінікпен ата-ана, туыс-туған, дос-жарандарынан безінді, дәстүріне қарсы шықты, қабірлерді қиратты, мемлекеттік билігіне қару алып қарсы тұрып, кейбір зайырлы білім пәндерін қабылдамады, қоғамнан оқшауланып, өздерінен басқаларды адасушы деп түсінді, біржақтылыққа ұрынды. Діни экстремизм бабымен істі болып, лаңкестігі үшін түрмеге қамалды. Мұның бәрі де діни сауаттың төмендігінен болып отыр. Діни сауаты төмен адам дін деп айтылған әрбір сөзге тез иланады, сындарлы ойламайды, мәліметтік ақ-қарасын ажыратпайды, бәрін талғамай қабылдайды. Сондықтан, бұл тұрғыда кез келген мәліметті екшейтін ішкі сүзгі болуы керектігін айтамыз.

Дін жолында адаспау, орны толмас қателіктерге ұрынбас үшін білім алу, ізденіс өте маңызды. Исламда

ең алғашқы бұйрықтың өзі «Оқы!» деп келгендіктен, ардақты Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) «Білім, іздену әрбір мұсылман ерге де, әйелге де парыз» екендігін айтқан болатын. Сол себепті Меккеден Мәдинаға қоныс аударған уақытта әуелгі кезекте мешітпен қатар Суффа мектебі деп аталған ілім ошағының негізі қаланған. Ол жердегі сахабалар күндіз-түні тек қана іліммен шұғылданған. Сол жерден бастау ала отырып, ислам дінінің әр саласында ғалымдар шоғыры қалыптасты. Ардақты пайғамбар дінді үйретуге әр аймаққа ғалым сахабаларды жіберді. Дін жолы әрдайым ғылыммен қатар жүріп отырды. Мұсылман ғалымдар тек дінді ұстанып, ғылымнан қол үзіп кеткен жоқ. Екеуін де қатар алып жүруге тырысты.

Қазіргі уақытта діни білім алам дәушілерге елімізде бірқатар жағдайлар жасалған. Тіпті, Нұр Мүбәрак ислам мәдениеті секілді жоғарғы оқу орны, тоғыз медресе, мешіттердің жанында сауат ашу курстары жұмыс істеуде. Одан бөлек, дінтану, исламтану мамандықтары да еліміздегі бірқатар жоғарғы оқу орындарында гранттық негізде оқытылады. Бакалавр, магистратура, докторантура деңгейінде білім алуға жағдайлар жасалған. Білім және ғылым министрлігі бұл салаға жыл сайын жеткілікті гранттар бөледі. Отандық дін мамандары мен зерттеушілер де дін бағытында үздіксіз көптеген кітаптар шығаруда. Тіпті, шетелде діни білім алам дәушілерге де ҚМДБ-мен ортақ әріптестік орнатқан жоғарғы оқу орындары баршылық. Міне, бұлардың барлығы да дін саласына қызыққан жастардың толыққанды білім алуына ыңғайлы орта қалыптастырып отыр. Сондықтан, барлық сала секілді дін саласы да білімділік пен біліктілікті қажет етеді. XXI ғасырда шалалыққа, шалт басуға орын болмауы тиіс.

Отбасы үлкен жауапкершілікке құрылады. Әке-отбасыға жауапты бірінші тұлға. «Бәрің де бақташысыңдар! Елбасы еліне жауапты, отағасы отбасыға жауапты, әрбірін қарамағындағыларға жауаптысыңдар» деген хадис осы шындықты білдіруде. Діни сауаттылықты бала мектепте

де үйрәеді. Тоғызыншы сыныптан бастап «Дінтану және зайырлылық негіздері» пәні аясында және түрлі мектепшілік шараларда діни дұрыс таным мәселесін ұстаздар қауымы балаларға түсіндіреді. Дегенмен, баланың дұрыс діни танымын қалыптастыруда отбасы да маңызды.

Ата-ана да балаға осы бағытта дұрыс тәлім бере білуі тиіс, оны қадағалауы керек. Айталық, мешіттердегі діни сауат ашу курсына бала ата-анасының рұқсатымен баруы тиіс. Бала кімдерді тыңдап жүр, қандай діни кітаптар оқуда, діни танымы дұрыс қалыптасуда ма деген сауалдарға ата-ана да мән беріп отырғаны жөн.

Ал ата-ана діннен хабарсыз болса, ол баласын қалай қадағалай алмақ? Немесе «дінге жолама» деген сөз баланың дінге деген қызығушылығын баса ала ма? Бала бәрібір өзіне керекті мәліметтерін интернеттен іздеуге мәжбүр болады. Ал интернет не әлеуметтік желілерді көп жағдайда деструктивті діни ағым өкілдері тиімді пайдаланып кетіп жатады. Яғни, ондағы мәліметтерді бақылап отыру қиын. Осы себепті ата-ана бар жауапкершілікті тек мектепке, ұстаздарға ысыра салмай, баланың болашағы дұрыс қалыптасуында өздері де жауапты екенін сезінуі тиіс. Айтпағымыз, дін туралы дұрыс ақпарат балаға қай жақтан да дұрыс жетсе, сонда ғана ол дұрыс танымға қол жеткізетін болады.

Қорыта келе, дін саласындағы келенсіздіктердің алдын алуда, діни экстремизм мен терроризммен күресуде діни сауатсыздыққа жол бермеу, қайта діни сауаттылыққа күш салу аса маңызды. Дәстүрлі дінімізді оқып-үйрену мүмкіндіктерін молайтып, жалпы діни сауаттылықты отбасы, мектеп, қоғам болып қолға алу, діннен қорықпай, жасөспірімдерге дұрыс діни таным қалыптастыру – мемлекетіміздің қауіпсіздігі тұрғысынан уақыт ұттырмайтын қажеттілік.

А.Әлібаев,
аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы.

Ұлттық спорт

Дүлдүлдер бақ сынаған дәстүрлі дода

Қазақ халқында ұлттық ойындардың ішінде көкпардың алар орны ерекше. Көкпар әдетте ер балалардың физикалық шынығуына әсер етіп қана қоймай, олардың бойына жылдамдық, ұтқырлық, табандылық секілді қасиеттерді сіңіріп өсуіне жол ашады.

«Көкпар» түрікше «көк бору» (көк бөрі) сөзінен шыққан. Ел ішіндегі аңызға иек артар болсақ, ертеректе қойды соққан қасқырлар бөлтіріктеріне қойдың тушасын апарып беріп отырған, бөлтіріктер оған таласып, бірін-бірі қуып ойнаған. Содан кейін көк бөрі ойыны деп атаған десе, енді бір мәліметтер ілгеріде ауылдағы малға тиіп, мазасын алған қасқырды сол ауылдың ер азаматтары тірідей додаға тастап, тақымға тартқан деседі. Қалай десек те, әр аңыздың астарында бір шындық жатқаны ақиқат.



Көшпенділер бұл ойын кезінде физикалық қабілеттерін жетілдіруге аса мән берген. Сондықтан да, ойын ел арасында кеңінен таралған. Ел арасында қактығыстар болмаған кезде де жас жігіттер өзін бабында ұстап, кез келген соғыста жауға тойтарыс беру үшін көкпарға қатысуды жөн санаған. Көкпар еттілікті шыңдап қана қоймай, ешбір жаттығу арқылы қозғалмайтын бұлшық еттің де жұмысын жақсарттады. Сонымен бірге ойын ауылдастар арасындағы ауызбіршіліктің сақталуына, ауылдың біртұтастығын демеп отыруға септігін тигізеді. XX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін бұл ойын қауіпті деп саналып, баса мән берілмеді.

Ойынға ешқандай дәреже берілмей, тіпті спорт түрінде тіркелмеді. Бірақ ауыл арасындағы ойын кеңінен тарап, танымалдылыққа ие бола бастады. 80-ші жылдарға қарай ойын түрі жаңа статуска ие болып, тіпті ұлттық спорттың осы түрінің арқасында күрестен Олимпиада чемпиондары шыға бастады. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық спорт түрлері одан әрі дамып, әлемдік деңгейге көтерілді. 2001 жылы Бішкекте көкпардан Халықаралық федерацияның негізі қаланды. Бұл ұлттық спорт түрінің жаңа деңгейге көтерілуіне септігін тигізді.

Көкпар ойыны мінезді, адам бойындағы қайсарлықты, батырлықты шыңдайды. Ойынға тек нағыз ержүрек, табандылар ғана қатысады. Ойыншылардан физикалық дайындығымен қатар, эмоционалды дайындығы, қарсыластың күшін дұрыс бағалай алуы, астындағы атын басқара алуы талап етіледі.

Ауданымызда бұрнағы жылдары кенже қалған көкпар ойыны қазіргі уақытта қарыштап даму үстінде. Бір заматта басбұзар мінезі жоқ қой торымен додаға түсетін аудан азаматтары бүгінде ес жиып, оны мен солына қарап, көштен қалмай, сырт өңірлерден нелер дүлдүл тұлпарларды әкеп, тақым артып жатқан жайы бар. «Жақсының жақсылығын

айт, нұры тасысын». Осыдан екі жыл бұрын аудандық деңгейде шынықтыру және спорт бөлімі сап түзеп, көкпардан команда жасақтап жүрген, ұлттық спорттан таласы бар бірнеше ауылға көкпар ойынына қажетті ат өзгелдерін тарту етті. Осы орайда айта кеткен абзал биылғы аудандық ат спорты түрінің өткен спартакиадаға Қарамөңде би және Нүркен ауылынан командалар қатысып, алғаш рет бақ сынап көрді. Ал бұдан бөлек, ежелден көкпар тартып, өз өнерлерін паш етіп жүрген командалар бар. Солардың бірі – Шабанбай би ауылының командасы.

Жуырда жылдағы дағдысынан жаңылмастан, Шабанбай би ауылының жастары көкпар ойынын өткізді. Бұл сонау 2006 жылдан бері жүлгесін үзбестен, жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі жарыс. Биыл 13-ші мәрте жалауын желбіретіп тұрған дүбірлі додаға Ақтоғай, Сарытерек, Қызыларай және Шабанбай би ауылынан 2 команда қатысты. Командалар бірінші кезекте жеребе тартып, кім-кіммен сынасатынын анықтады. Осылайша, күн көкжиектен арқан бойы көтерілген шақта алғашқы ойын басталып та кетті. Алыстан арнайы ат арытып келген кіл сайдың серке тасындай іріктелген жігіттер барын да, нарын да салып, әрқайсысы өз командасын алға жетеледі. Білегі болаттай, тақымы тастай жігіттердің арасындағы тартыс өте жоғары дәрежеде өтті. Көрермен қауым да кикүге кикү қосып, командаларға демеу білдірді. Күннің көзі де осынау дүбірлі сәтке қуанғандай жадыранқы болды. Бірер сәтте болаттай ат тұяғы көкпар алаңының шаңын көкке көтерді. Осы ойын барысында ат спортына ынталы жастардың көп екені аңғарылды. Қаладан осынау сайысты тамашалауға арнайы келген көрермендер, әрі-бері сабылған көліктер бір мезет Шабанбай би ауылының бойына қан жүгірткендей болды.

Күн батысқа бет бұра өз мәресіне жеткен жарыстың жеңімпаздары анық болды. Қарсыластарынан бір саты биік тұрған Қызыларай ауылының командасы жүлделі I орынды еншілеп, тігілген тайды жетектеп қайтты.



Ал кейіннен жасақталса да, нәтижелі ойын көрсетіп жүрген Ақтоғай ауылының командасы II орынға ие болып, тайыншаны, ал Шабанбай би ауылының жастар командасы III орынға табан тіреп, қойға ие болып қалды. Осы дүлдүлдер додасының өтуіне Шабанбай би ауылының кәсіпкерлері Ө.Қазанғапов, Б.Тілегенов, Д.Рыстафин, сонымен қоса, О.Құдашбаев, М.Әліпбергенов демеушілік білдірді. Жарыс соңынан жүлдегерлерді марапаттау салтанатынан кейін, ауылдағы «Дастан» тойханасында ойынға қатысушыларға арнайы ас беріліп, мезірет білдірілді.

Е.Мұстафин.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты анамыз **Бақшагүл Жақыпбекова!**

Сізді 15 мамыр күні 60 жасқа толатын туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Келіп жеткен мерейтойыңыз басыңызға бақыт, жүзіңізге шаттық сыйласын. Сізге зор денсаулық, жемісті еңбек, қажымас қайрат тілейміз.



Әкемізбен бірге нәмерелеріңіздің қызығын қызықтап, ұзақ өмір сүре беруіңізге тілектеспіз. Арайлап атқан әр таңдарыңыз тек қуанышқа толы болсын!

Батыр да туған анадан, ақын да туған анадан, Ананың биік тұғыры – анадан туған бар адам. Пайғамбарымыз Мұхаммед ананы құрмет санаған, Анаға мәңгі борыштар елдегі барлық дана адам. Ақ сүтін беріп өсірген, бұзық болсам – кешірген, Тілін алсам – айналған, күнем болса – өшірген. Ақ анашым, анашым, саған төңгі бала шын, Мөлдір, кәусар бұлақсың, мен сүрінсем – жылапсың. Шынға шықсам – қуанып, мен құласам – құлапсың, Ақ анашым, анашым, сендей бар ма жанашыр.

Ізгі тілекпен: анасы – Ғайни, жолдасы – Болат, балалары – Сағынған-Дина, Аңсаған, Манас-Ақмарал және нәмерелері.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, отбасының ұйытқысы, әкеміздің асыл жары, аяулы анамыз **Бақшагүл Мәжікенқызын** асқаралы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



«Ана» деген киелі есім. Сізге қандай тілек айтсақ та, артық емес. Осы қуанышты күні өміріңіз сәулетті, ұрпақтарыңыз дәулетті, лайым ортамыздың жыры, әулеттің ұлағатты ұйытқысы болып, жастан-жасқа тола беріңіз.

Кенпейілді, жаны жұпар, жанұяға жылу болған анамызға он сегіз мың ғаламның жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Басыңыздан бақ таймасын!

Құтты болсын туған күн, мерекеніз, Арта берсін ырыс-құт, берекеніз. Алла берген бағыңыз ортаймасын, Әрқашанда көңіліңіз қартаймасын!

Құттықтаушылар: балалары-күйеу балалары – Нүрсейіт-Айжан, Дидар-Арайлым және жиендері – Абзал, Алматы, Азрет, Ахмад. Осы тілекке әкеміз Кентай да қосылады.

Үй сатылады

Ақтоғай ауылының Ж.Ақбай көшесіндегі №14 үй сатылады. Орналасқан жері орталықта, үй алдында жазғы сарайы бар. Ауласы мен қора-жайы кең, мал ұстауға, бау-бақша егуге өте қолайлы. Құдығы бар, үйге су тартылған. Отын-суымен, аздаған тұрмыстық техникалар, жиһаздарымен қоса сатылады. 87712861793, 87758953415, 87026810483, 87056345518 ұялы телефондарына хабарласуға болады.



Құттықтаймыз!



Құрметті көршіміз
Жолдасов Аңсаған!

Сізді Пайғамбар жасы 63-ке толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

63-тің төріне қадам басқан ардақты құдай қосқан көршімізге зор денсаулық, ашық аспан, өмірдің барлық жақсылығын, арайлы күннің шуағын, бала-шағаныңдыздың өркендеп өскен қызық-думанын тілейміз.

Балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығы мен қуанышына, сүйіспеншілігіне бөлініп, ағайын-туыс, көрші-қолаң ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыпттарыңызды сақтап жүре беріңіздер.

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұнған,
Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан.

Баянды өмір жетелеп биіктерге,
Көңіліңіз шаттансын қуаныштан!

Ігі тілекпен: Несібелді тәте, Сәйит-Света, Дулат-Гуля, Ержан-Зәуреш, Жасұлан-Гуля, Қанат-Гүлжанат, Құрал-Несібала, Өмірбек-Манат, Орын тәте.

Құттықтаймыз!



Құрметті Тохметов
Асқар Жарылғапұлы!

Адам өмірінің ең бір асыл кезі, асқар белі – 60 жасқа келген мерейтойыңыз құтты болсын!

Алпыстың асуынан асып, жетпіске аяқ басқан шағыңызда көзіңізден от, жүрегіңізден жылу кетпесін дей отырып, сізге және шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, несібе-дәулетіңіздің арта беруіне тілектеспіз.

Өмірдің әр қырынан іздеп арай,

Бақыт құсы самғасын сізге қарай.

Алпыстың асуынан еркін асып,

Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай.

Ізгі тілекпен: Қайрат-Раушан, Болат-Күміс, Коля-Зәмза, Болат-Бақша, Төлү, Мейірқұл, Дана, Маржан, Мейрамгүл.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті әріптесіміз **Қнашина Гүлбаршын Аханқызы!**

Сізді 60 жасқа толатын мерейлі туған күні-бізбен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық, сарқылмас бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Ағайын-туыс, дос-жаранның ықыласына бөлініп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық рахатын көріңіз. «Алпыс – талтүс» дегендей, алдағы өмірде де құшағыңыз гүлге, қадамыңыз нұрға тола берсін! Алланың берген жасын жасап, ауырмай-сырқамай, берекелі де мерекелі ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Арайлап атқан әрбір таң сізге тек шаттық пен қуаныш әкелсін!

Құтты болсын мерекелі тойыңыз,

Орындалсын арман-мақсат, ойыңыз.

Әулетіңіздің құрметіне бөлініп,

Әрқашанда биік төрде болыңыз!

Ігі ниетпен: Интернат ұжымы.

Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз
Бақшагүл Мәжікенқызы!

Сізді адам өмірінің ең бір асыл кезі, асқар белі 60 жасқа келген мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ғұмырыңыз мәнді де сәнді болсын. Шаңырағыңыздан шаттық үзілмесін деп тілейміз. Ағайын-туыс, құда-жекежат, көрші-қолаң арасында сыйлы болып, құдай қосқан қосағыңызбен бала-шаға, немере қызығына тоймай, Алланың берген жасын жасай беріңіз!

Ізгі тілекпен: көршілері – Мәрия апа, Жанар, Тәбәрік-Оркен, Мәкәрім-Кәмел, Алтынғазы-Сәулә, Сағат-Бақытгүл, Жаңагүл, Қайрат-Торғын, Өмірзақ-Гүлмира, Еркебұлан-Әсем, Нұрхан-Балжан.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Жақыпбекова Бақша!**

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қуанышты сәтте сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз. Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жанарыңыздан әрдайым нұр себелеп, жаныңыз шаттыққа кенелсін демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаныңдан қызық-қуаныш арылмасын!

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма одан асқан. Аман боп жанұяң мен бауырларың, Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан!

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,

Жалғанда тілек бар ма одан асқан.

Аман боп жанұяң мен бауырларың,

Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан!


Ізгі тілекпен: «Аққыз» балабақшасының ұжымы.

Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық «Ақтоғай ажару» газеті редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Құттықтаймыз!



Құрметті **Жақыпбекова Бақшагүл!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Әр уақытта ақжарқын адал көңілмен, бауырмалдық қасиетіңізбен туған-туыс, дос-жаранның арасында абырой-құрметке бөлініп жүре беріңіз. Қосағыңызбен қоса ағарып, шаңырағыңыздан шаттық кетпесін.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,

Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.

Бала-шаға қызығына кенеліп,

Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ігі тілекпен: туыскандары – Өмірбек-Манат, Қазтай, Қарғаш-Гуля, Мұрат-Бағдат, Балқашбек-Алтынгүл, Нұрлан-Гүлден, Сағымбек-Гүлшат, Мейірбек-Айнұр, Мадина, Гүлнұр, Ернұр-Маржан.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Жақыпбекова Бақшагүл!**

Сені 60 жасқа толған мерейжасыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Саған мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, арайлап атқан таңың мен шұғылалы кештерің тек шаттыққа толы болып, жақындарыңның ортасында әрқашан бақыт құшып, балаларың мен немерелеріңнің қуанышына тоймай, ортамызда қадір-құрметке бөлініп жүре бер демекпіз.

Жадыратсын жаныңды жақсы сөздер,

Шуақ шашып осы күн жанар көздер.

Айтулы туған күн иесіңе,

Ақ тілекті арнадық мына біздер.

Ақ тілекпен: Асқар-Гүлнар, Коля-Зәмза, Болат-Күміс, Қайрат-Раушан, Төлү, Мейірқұл, Дана.



Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта: aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

